

Көсембай негізгі мектебі

**Көсембай негізгі мектебінің
2021 – 2022-оқу жылында
6 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының
талдауы**

Жетекшісі: Елемесова М.А.



2021 – 2022 оқу жылы

Көсембай негізгі мектебінің 2021 – 2022 оқу жылында 6 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 8-ші бабында «Білім беру» жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен техниканы практика негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту, қазіргі кезде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру аясында жұмыс істеу көзделген.

2021 – 2022 оқу жылына арналған 6 сыныптың тәрбие жұмысының жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылды.

Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу мақсатында

2015-2016 жылға ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие – дидактикалық жүйе. Сынып жетекшісі күрделі, бірімен – бірі байланысып жатқан тұтас оқиғаларға, оқушылардың әрқилы мінез – құлқына іс - әрекетіне тап болады. Толып жатқан психологиялық толғаныстар кездеседі.

Осы орайда 2021 – 2022 оқу жылында 6 сыныппен біршама жұмыстар атқарылды. Ең алдымен оқушылардың өзін - өзі бақылау дағдысы қалыптасқаны. Оқушылар өздеріне тапсырылған тапсырмаларды (іс-шаралар, үй тапсырмаларының орындалуы) орындай білді. Оқу барысында жоспарланған тәрбие жұмыстары өз мәнінде өткізіліп тұрды. Сыныпты барлығы 8 оқушымен аяқтадық. Оның ұлы – 3; қызы – 5. Сапалық көрсеткіші – 63% құрайды.

Үздік оқушылар:

1. Серікбаева Айым
2. Боранбай Айдана
3. Салихова Шұғыла
4. Сейткерей Мейрамбек

Көп балалы отбасы – Қанат Ернияз; Серікбаева Айым; Аз қамтылған – Сеиткереев Мейрамбек; Сансызбай Мадина.

Сабактан себепсіз қалған, тәртіп бұзған оқушылар болған жоқ.

Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымын қадағалау:

| Қыркүйек | Қазан | Қараша | Желтоқсан | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр |
|----------|-------|--------|-----------|--------|-------|--------|-------|-------|
| 100% | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |

Сонымен қатар сынып оқушылары қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, алдыңғы қатардағы сыныптың қатарынан көріне білді. Сондай – ақ сынып жетекші ретінде менің мақсатым: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып оқушылары төменде көрсетілген үйірме жұмыстарына қатысты:

| | | | |
|------------------|-------------------------------|-------------------------|--|
| Жалпы оқушы саны | «Балалар және театр» үйірмесі | «Тоғызқұмалақ» үйірмесі | «Жас тарихшылар» және «Дебат» үйірмесі |
|------------------|-------------------------------|-------------------------|--|

Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

| Тәрбие бағыттары | Өткізілген тәрбие сағаттары саны |
|--|----------------------------------|
| 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | 5 |
| 2.Рухани-адамгершілік тәрбие | 5 |
| 3.Ұлттық тәрбие | 4 |
| 4.Отбасы тәрбиесі | 5 |
| 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | 4 |
| 6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие | 3 |
| 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | 4 |
| 8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру | 5 |

Ашық сынып сағаты : «Тәуелсіздік жетістіктері»

Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

Ашық әрбие сағатының тақырыбы: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіңе қайтарамын»

Тәрбие сағатының мақсаты: Ақын өмірі мен өлеңдері туралы оқушылардың жан – жақты білуі. Балаларды ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп, көркем оқуға дағдыландыру. Отанды елді сүйуге, имандылыққа, өнерге деген құштарлық сезімін ояту.

Ашық тәрбие сағаты: «Тәуелсіздік тәнірден келген тәтті сый!»

Тәрбие сағатының мақсаты: Тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтардың ерлігін ұлықтау, бейбітшілікті, тәуелсіздікті ұлықтау.





Мақсаты: Білім мен тәрбие қашан да егіз ұғым. Білім алушы шәкірттеріміздің жан – жақты дамыған, ақыл – ойы жетік, рухани құндылықтарды қадірлей білетін, адамгершілік қасиеттермен қаруланған жеке тұлға қалыптастыру, Мектептегі оқу – тәрбие жұмысының бала тәрбиесі мен оның жан – жақты дамуына отбасы мен жанұяның, мектептің ынтымақтастығын арттыра отырып, ата – аналарға, оқушыларға оқу – тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Балаларға салауатты өмір салтының машықтарын сіңіру және насихаттауға байланысты нақты шараларды жүзеге асыру. Оқушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру.

Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, экологиясы нашар аймақтармен таныстыру, жерге деген мейірім мен ықыласын, байлығы мен әсем табиғатын қорғай білуге үйрету.

Оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілетін, санаткерлік және жалпы даму көрсеткіші негізінде тілін дамыту. Отаншылдыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеу.

Оқушылардың экономикалық білім негіздерін толықтыру, ата – ананы құрметтеуге, олардың еңбегін бағалауға, Оқушыларды отбасы бюджетін үнемді, ұқыпты, дұрыс жұмсай білуге тәрбиелеу.

Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерді айта отырып, оқушылардың әдеп әліппесі бойынша ықпал жасау.

Әдет – ғұрыпты сақтайтын, дәстүрді жалғастырушы қайырымды ұрпақ тәрбиелеу. Оқушыларды адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге, адамдармен қарым – қатынас жасау дағдыларын арттыру.

Міндеттері: Отанымыздың тарихи құндылықтарын бағалау қабілеттілігін арттыру. Отандық қорғау-азаматтық борыш ұғымын қалыптастыру. Адами іс-әрекет жасау тәжірибесін қалыптастыру, сыртқы келбет пен күнделікті тұрмыс тіршілік дағдыларын қалыптастыру.

Эстетикалық құндылықтарды өн бойына игеруге қызығушылығын арттыру, қандайда бір көркем шығарма саласында өзінің бейімділігі мен қабілетін байқап көруге ұмтылысын қалыптастыру.

Табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін қалыптастыра отырып, табиғат үйлесімін қорғауға көзқарасты нығайту

Өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде пікір айта алуына дағдыландыру.

Теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психологиялық, әлеуметтік және рухани саулық туралы түсінік қалыптастыру.

Нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдерінің өзіне-өзі өкызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көздеген мақсатына жетудегі шыдамдылықты қалыптастыру.

Шығармашылық жұмыстарда оқушы өзінің ойын білдіріп, қабылдаған шешім нәтижесін бағалай білу дағдысын қалыптастыру және өз қадірін сақтай білу және өзгенің қадір-қасиетін бағалай білу қасиетін қалыптастыру

Әрбір оқушының өзін өзі бағалау, өзін - өзі реттеу, өзін - өзі іске асыру қабілетін дамыту, өзіне деген сенім қалыптастыру, өз қадірін сақтай білу және өзгенің қадір-қасиетін бағалай білу қасиетін қалыптастыру.

Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт-бағдар беру және адам белгілі бір еңбек іс-әрекетіне неіп, бір ізге түсуіне көмек беру.

Оқу процесінде алған білімдерін тереңірек жетілдіріп, жан – жақты дамыған, кешегіні білетін, бүгінгіні саралай алатын тұлға қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушы – Дәулетов Данабек Асқарұлымен жұмыстар жүргізілді. Оқушыға арнайы стандартты білім беру бойынша бекітілген пәндері оқытылып, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтары арнайы жұмыстар жасады. Аудандық аурухананың шешімі негізінде көрсетілген уақыттарды оқушы Ақтөбе қаласы бойынша көрсетілген арнайы білім беру және сауықтыру орындарында жіберілді.

Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар:

| Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар | Өтілген ата – аналар жиналыстары | Сынып ата – аналарының сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы |
|--|--|--|
|  | <ul style="list-style-type: none"> - « Баланың бас ұстазы ата – ана » (1 тоқсан қорытындысы; мектеп ережелері; өмір қауіпсіздігі) қатысқаны – 7; - Компьютер ойындарының және теледидар, ұялы телефон бағдарламаларының балаға әсері. (балардың денсаулығын сақтау, түрлі әлеуметтік желі ойындарынан аулақ ұстауға кеңес беру) қатысымы - 100%; |  |



- «Бұлақ көрсең, көзін аш» (2 тоқсан қорытындысы; үлгерімі, қауіпсіздік ережелері) қатысканы – 8;

- «Алғашқы ұстаз – ата – ана» (3 тоқсан қорытындысы; үлгерім табелі; қауіпсіздік ережесі) қатысканы – 7;

- «Ақыл айтпа, жол көрсет» (4 тоқсан қорытындысы; үлгерімі; жазғы демалыс қауіпсіздігі, лагер жұмыстыр, жаңа оқу жылы мектеп формасы); қатысканы – 8.



Қорытынды: Бала - ата – ана мен ұстаздың болашақ жемісі. Жан жақты дамыған тұлға тәрбиелеуде бірлесе жұмыстар атқару өзінің оң нәтижесін беріп келеді. Бала игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстарға ата – аналар белсенділікпен қатысып, әр өткізілген жұмыстан өздеріне керекті құнды мәліметтер алып жатқандарын анық атап айтып өтті. Ата – аналарды қоғамдық, мектепшілік жұмыстарға тартуды әлі де болса жандандыру, күшейту, сабаққа қатысымын ұйымдастыру.

Тәрбие жұмысы бағытында ұйымдастырылған аудандық деңгейдегі жұмыста қосымша білім беру негізінде жолда жүру ережесі бойынша «Жол жүру ережесін білу

баршаға міндет!» атты сынып оқушылармен, сабаққа қатысушы қонақтармен жоғары дәрежелі сабақ көрсетіп, іс – тәжірибе тараттым.

Осы оқу жылында - Тәрбиелі де өнегелі, парасатты да салмақты, рухани ішкі дүниесі бай ұлттық жетістіктерді тез қабылдайтын жеке тұлға қалыптастыру. Өз күшіне сенімділігі, өзіне деген қабілеттілігі, шығармашылық мүмкіндіктеріне деген сенімді шәкірттер тәрбиелеуде жұмыстар атқардым. Білім мен тәрбие егіз ұғым, сол мақсатта оқушыларды дамытып, өз ойын еркін жеткізіп, ел жанашыры болатын жеке тұлға ретінде қалыптасуын көздеймін.

Сынып жетекшісі: Елемесова Мөлдір Айдарқызы